



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына***2023 жылғы 11 мамырдағы ДС-152***Құрметті депутаттар!**

Оқушылар мен жастар арасында «вейп» деген атаумен белгілі тұтынудың электрондық жүйелерін жаппай таратуға тыйым салуға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің (бұдан әрі – Кодекс) 110-бабы 2-тармағының 1), 2), 16) тармақшаларына сәйкес темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді, тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтарды, темекі бұйымдарын шығарып және ашық көрсете отырып, он сегіз жасқа дейінгі адамдардың сатуына және жиырма бір жасқа дейінгі адамдарға сатуға тыйым салынады.

Жоғарыда көрсетілген талаптарды бұзғаны үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 133 және 423-1-баптарында әкімшілік жауап көзделген.

Кәсіпкерлік кодекстің (бұдан әрі – КК) 138-бабының 103) тармақшасына сәйкес кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салаларында темекі бұйымдарын өндіру және олардың айналымы саласында бақылау және қадағалау жүзеге асырылады

Бұдан басқа, Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023 – 2025 жылдарға арналған «Бала қорғау» кешенді жоспарының жобасына келеңсіз құбылыстардан (зорлық-зомбылық, өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері, нашақорлық, лудомания, алкогольге тәуелділік және темекі шегу) зардап шеккен балалар үшін Республикалық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы мен республикалық мамандандырылған оңалту орталықтары желісін құру жөніндегі шаралар енгізілген. Білім беру ұйымдары тәрбие жұмысының жоспарлары шеңберінде темекіге қарсы тақырыпта сынып сағаттарын өткізеді.

Осылайша, қолданыстағы заңнамада тиісті тыйымдарды, кәмелетке толмағанға (кәмелетке толмағандарға) тұтынудың электрондық жүйелерін

сатуына қатысты жауапкершілікті, сондай-ақ темекі бұйымдарының өндірісі мен айналымы саласындағы бақылауды белгілейтін нормалар регламенттелген.

Осыған байланысты Сіздер көтеріп отырған мәселелер құқық қолдану практикасы шеңберінде тиісінше ден қоюды ескере отырып пысықталады.

«Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парағын бекіту туралы» Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 22 бұйрығына (*бұдан әрі – бұйрық*) өзгеріс енгізуге қатысты «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңның 24-бабына сәйкес сатушы тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) еркін таңдауды қамтамасыз етуге міндетті екенін атап өтеміз. Сауда объектілерінде темекі мен темекі бұйымдарын орналастыру сатушының сатуға қолжетімді ассортиментін көрсетуі болып табылады.

Бұйрықтың реттеу нысанасы жарнама туралы заңнаманы сақтау тәуекелдерінің дәрежесін бағалау өлшемшарттарын бекіту болып табылатындығын ескере отырып, бұйрыққа сауда орындарында тұтынудың электрондық жүйелері мен оларға арналған сұйықтықтарды орналастыруға және ашық көрсетуге тыйым салудың сақталуын тексеру бөлігінде түзетулер енгізу заңсыз болып табылады.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта Үкімет вейп-өнімдерді таратуға шектеулерді күшейту мәселесін қарастыруда.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша 33 елде никотинді тұтынудың электрондық жүйелері мен вейптерді сатуға тыйым салынған, олардың қатарында Дания, Норвегия, Уругвай, Аргентина, Панама, Бразилия, Мексика, Канада, Тайланд, Үндістан, Гонконг, Сингапур, Малайзия, Филиппин, Ливан, Катар, Оман, Иордания бар, сондай-ақ 79 елде бұл өнімдерді қоғамдық орындарда пайдалануға, оларды жарнамалауға, насихаттауға және демеушілікке тыйым салатын немесе қаптамада денсаулыққа зиян туралы екендігі ескертулерді көрсетуді талап ететін кем дегенде бір ішінара шара қабылданған.

Вейп-өнімнің айналымына тыйым салу нормативтік құқықтық актілерге (*бұдан әрі – НҚА*) түзетулер енгізуді көздейді.

«Құқықтық актілер туралы» Заңның 19-бабының 3-тармағына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын НҚА жобаларына қатысты КК белгілеген жағдайларда және тәртіппен реттеушілік әсерге талдау (*бұдан әрі – РӘТ*) жүргізіледі.

Ағымдағы жылғы 31 мамырда мүдделі мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, азаматтық қоғам мен бизнес-қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның жанындағы Сараптама тобының отырысы өткізілді, онда вейп-өнімдерді таратуға шектеулерді күшейту бойынша түрлі ұсыныстар қаралды.

Қазіргі уақытта вейп-өнімнің айналымына толық тыйым салуды көздейтін норма РӘТ рәсімінен өтуде. Үкімет осы норманы қолдайды. РӘТ қорытындысы бойынша Кодекске түзетулер ұсынылатын болады.

Сондай-ақ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы Парламент Мәжілісінің қарауында, оның шеңберінде:

- Кодекстегі «вейп» және «электрондық сигарета» ұғымдарын бөлуге;
- жиырма бір жасқа толмаған адамдарға темекі мен темекі бұйымдарын, оның ішінде тұтынудың электрондық жүйелерін (вейптерді) және оларға арналған сұйықтықтарды сатқаны үшін әкімшілік жауапкершілікті күшейтуге қатысты түзетулер талқыланып жатыр.

Сонымен бірге, Сіздер көтеріп отырған мәселелердің маңыздылығын ескере отырып, Үкімет осы жұмысты депутаттық корпусының қатысуымен жүргізуге дайын.

Ә. Смайылов



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан***На ДС 152 от 11 мая 2023 года***Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно запрета массового распространения электронных систем потребления, известных среди школьников и молодежи под названием «вейп», сообщаю следующее.

Согласно Кодексу «О здоровье народа и системе здравоохранения» (*далее – Кодекс*) запрещается продажа табачных изделий, в том числе изделий с нагреваемым табаком, табака для кальяна, кальянной смеси, систем для нагрева табака, электронных систем потребления и жидкостей для них, с выкладкой и открытой демонстрацией табачных изделий, лицами в возрасте до восемнадцати лет и лицам в возрасте до двадцати одного года (*подпункты 1), 2,) 16) пункта 2 статьи 110*).

Статьями 133 и 423-1 Кодекса «Об административных правонарушениях» за нарушение вышеуказанных требований предусмотрена административная ответственность.

Согласно подпункту 103) статьи 138 Предпринимательского кодекса (*далее – ПК*) в сферах деятельности субъектов предпринимательства осуществляется контроль и надзор в области производства и оборота табачных изделий

Кроме того, в проекте Комплексного плана по защите детей от насилия, превенции суицида и обеспечения их прав и благополучия на 2023 – 2025 годы «Бала қорғау», включены меры по созданию Республиканского центра формирования здорового образа жизни и сети специализированных республиканских реабилитационных центров для детей, пострадавших от негативных явлений (*насилие, попытки суицида, наркомания, лудомания, алкогольная зависимость, табакокурение*). В рамках планов воспитательной работы организациями образования проводятся классные часы на антитабачную тематику.

Таким образом, действующим законодательством регламентированы нормы, устанавливающие соответствующие запреты, ответственность за продажу электронных систем потребления несовершеннолетним

(несовершеннолетними), а также контроль в сфере производства и оборота табачных изделий.

В этой связи, поднимаемые Вами вопросы, будут проработаны с учетом должного реагирования в рамках правоприменительной практики.

Касательно внесения изменения в приказ Министра национальной экономики от 29 марта 2019 года № 22 «Об утверждении критериев оценки степени риска и проверочного листа соблюдения законодательства Республики Казахстан о рекламе» (*далее – приказ*) отмечаем, что согласно статье 24 Закона «О защите прав потребителей» продавец обязан обеспечить свободный выбор товара (работы, услуги). Выкладка табака и табачных изделий в торговых объектах является демонстрацией ассортимента продавца, доступной к реализации.

Учитывая, что предметом регулирования приказа является утверждение критериев оценки степени риска, соблюдения законодательства о рекламе, внесение поправок в приказ, в части проверки соблюдения запрета на размещение и открытое отображение электронных систем потребления жидкостей для них на торговых местах, является неправомерным.

Между тем, в настоящее время Правительством рассматривается вопрос по усилению ограничений распространения вейп-продукции.

По данным Всемирной организации здравоохранения, в 33 странах введен запрет на продажу электронных систем потребления никотина и вейпов, в числе которых такие страны, как Дания, Норвегия, Уругвай, Аргентина, Панама, Бразилия, Мексика, Канада, Таиланд, Индия, Гонконг, Сингапур, Малайзия, Филиппины, Ливан, Катар, Оман, Иордания, а также в 79 странах приняли, по крайней мере, одну частичную меру, запрещающую использование этих продуктов в общественных местах, запрещающую их рекламу, продвижение и спонсорство или требующую отображения предупреждений о вреде для здоровья на упаковке.

Запрет оборота вейп-продукции предусматривает в себе внесение поправок в нормативные правовые акты (*далее – НПА*).

Согласно пункту 3 статьи 19 Закона «О правовых актах», в отношении проектов НПА, затрагивающих интересы субъектов частного предпринимательства, проводится анализ регуляторного воздействия (*далее – АРВ*) в случаях и порядке, установленных ПК.

31 мая т.г. проведено заседание Экспертной группы при Межведомственной комиссии по вопросам регулирования предпринимательской деятельности с участием заинтересованных государственных органов, общественных объединений, представителей гражданского общества и бизнес-сообщества, где рассмотрены разные предложения по усилению ограничений распространения вейп-продукции.

В настоящее время норма, предусматривающая полный запрет оборота вейп-продукции, проходит процедуру АРВ. Правительство поддерживает данную норму. По итогам АРВ будут предложены поправки в Кодекс.

Также, на рассмотрении Мажилиса Парламента находится проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам здравоохранения», в рамках которого обсуждаются поправки касательно:

- разделения понятий «вейп» и «электронная сигарета» в Кодексе;
- усиления административной ответственности за продажу табака и табачных изделий, в том числе электронных систем потребления (вейпов) и жидкостей для них лицам, не достигшим двадцати одного года.

Вместе с тем, учитывая важность поднимаемых Вами вопросов, Правительство готово с участием депутатского корпуса провести данную работу.

А. Смаилов